

**Әкімдіктің 2010 жылғы 20 сәуірдегі № 156 "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі № 434 қаулысы. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 қыркүйекте № 9-4-171 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19, 23-баптарына сәйкес, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын орындау үшін Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Әкімдіктің "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" 2010 жылғы 20 сәуірдегі № 156 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-164 болып тіркелген, 2010 жылғы 20 мамырда "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

5 - тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы оны алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Лисаков қаласының әкімі*

*В. Радченко*

**КЕЛІСІЛДІ**

"Қостанай облысы Лисаков қаласының  
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ *А. Никифоров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК